


Астана қаласы әкімдігінің
«Рақымжан Қошқарбаев атындағы
№ 44 ОРТА МЕКТЕП»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Государственного коммунального
предприятия на праве хозяйственного
ведения «СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 44
имени Рақымжана Қошқарбаева»
акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ
2024 жылғы 24 мамыр

ПРИКАЗ
№ 104/14/24

**2023-2024 оқу жылын аяқтау
және білім алушылардың
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14-тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылын аяқтау, жалпы білім беретін оқу орындары білім алушыларының қорытынды аттестаттаудан өткізу мақсатында мектепте оқу жылын аяқтау және білім алушыларының қорытынды аттестаттауы төмендегі тәртіп бойынша белгіленсін:

- 1) 1-11 сыныптарында оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
- 2) 9 - сыныптардың білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамырдан 10 маусым аралығында өткізілсін.
- 3) 11 - сыныптардың білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 28 мамырдан 11 маусым аралығында өткізілсін.

2. Мектеп әкімшілігіне, мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне:

- 1) Оқушыларға сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, мұғалімдерге әдістемелік кеңесте оқушылардың мектепті бітірулері жөнінде қорытынды аттестаттауды өткізу туралы, сыныптан-сыныпқа көшіру тәртібі бойынша түсініктеме жұмыстары жүргізілсін.
- 2) Оқу жоспары мен оқу бағдарламасын толық орындалуы қамтамасыз етілсін, оқушыларды қорытынды аттестаттауға сапалы дайындауға ерекше назар аударылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Л.Култаева